УДК 376.1
МРНТИ 14.01.11
DOI 10.56525/AMOP5637

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

[1]Каракулова М.С., [2]Тұратбек М.С., [3]Бейсенова Б.Р.
[1]Есенов университеті, Ақтау, Қазақстан
[2]152 мектеп-гимназия КММ, Алматы, Казахстан
[3]Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университеті
e-mail: marzhan.karakulova@yu.edu.kz, semeteevna@list.ru, beisenovabaht1987@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада инклюзивті білім беру жүйесінде оқушылар арасындағы толеранттылықты арттырудың педагогикалық негіздері қарастырылады. Зерттеу барысында инклюзивті ортада білім алушы балалардың тұлғалық даму ерекшеліктері, олардың әлеуметтік бейімделу үдерісіндегі қиындықтары және бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың мүмкіндігі шектеулі құрдастарымен өзара қарым-қатынас жасауындағы педагогикалық-психологиялық мәселелер талданды.

Автор инклюзивті білім берудің теориялық негіздеріне сүйене отырып, толеранттылық ұғымының ғылыми анықтамасын нақтылайды және оны қалыптастырудың негізгі бағыттарын айқындайды. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде бастауыш мектепте оқушылардың толерантты қарым-қатынасын дамытуға ықпал ететін факторлар – мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі, оқу-тәрбие процесінде қолданылатын әдістемелік тәсілдер, мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық, сондай-ақ сыныптағы психологиялық ахуал екендігі анықталды.

Мақалада инклюзивті ортада толеранттылықты дамытуға арналған педагогикалық шарттар: тұлғалық-бағдарлы оқыту, ұжымдық және топтық жұмыс формалары, диалогтік қарым-қатынас, ойын және арттерапиялық технологияларды пайдалану бағытында әдістемелік ұсыныстар беріледі. Сонымен бірге, инклюзивті білім беру кеңістігінде толеранттылықты қалыптастыру тек педагогикалық мақсат қана емес, қоғамда әлеуметтік интеграцияны қамтамасыз етудің маңызды тетігі екендігі ғылыми тұрғыдан негізделді.

Зерттеу нәтижелері инклюзивті білім беру жағдайында оқушылар арасындағы толеранттылықты қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік маңызын айқындап, білім беру жүйесіне енгізуге болатын педагогикалық ұсыныстарды ұсынады.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, толеранттылық, педагогикалық негіздер, мүмкіндігі шектеулі балалар, гуманистік педагогика, тұлғалық-бағдарлы оқыту, әлеуметтік интеграция, педагогикалық шарттар.

Кіріспе

XXI ғасырда білім беру жүйесінің басты бағыттарының бірі – қоғамның барлық мүшелеріне тең білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ету. Әсіресе, мүмкіндігі шектеулі балаларды сапалы біліммен қамту – әлемдік деңгейде ерекше мәнге ие әлеуметтік-педагогикалық міндеттердің бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы қазіргі педагогикалық ғылым мен тәжірибенің ең өзекті салаларының біріне айналды.

Инклюзивті білім беру – барлық балалардың жынысына, әлеуметтік жағдайына, денсаулығына немесе даму ерекшеліктеріне қарамастан, жалпы білім беру үдерісіне тең дәрежеде қатысуын қамтамасыз ететін гуманистік сипаттағы білім беру моделі. Бұл модельдің негізгі мақсаты – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметке толыққанды араласуына, қоғамда өз орнын табуына жағдай жасау. Инклюзивті білім беру тек

педагогикалық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени және психологиялық факторларды қамтитын кешенді үдеріс болып табылады [1, 45].

Алайда инклюзивті білім беру тәжірибесі көрсеткендей, балалар арасындағы өзара қарым-қатынаста әртүрлі қиындықтар туындайды. Мәселен, бастауыш сынып жасындағы оқушылардың мүмкіндігі шектеулі құрдастарына деген көзқарасында кейде қабылдамау, түсінбеушілік немесе шеттету сияқты жағдайлар байқалады. Бұл құбылыс инклюзивті білім берудің тиімді жүзеге асуына кедергі келтіреді. Сондықтан инклюзивті ортада толеранттылықты арттыру, оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру – бүгінгі білім беру жүйесінің өзекті міндеті болып отыр.

Толеранттылық ұғымы – тек өзгенің ерекшелігін түсініп, қабылдау ғана емес, сонымен бірге тұлғаның адамгершілік мәдениетінің, әлеуметтік бейімделуінің және құндылықтық бағдарларының маңызды көрсеткіші. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, толеранттылықты қалыптастыру оқушыларды өзара сыйластыққа, бірін-бірі қолдауға, ынтымақтастықта әрекет етуге баулуды көздейді. Бұл дағдының бастауыш мектеп кезеңінде қалыптасуы өте маңызды, себебі дәл осы шақта баланың мінез-құлқы, қарым-қатынас стилі, құндылықтық бағдарлары орнығады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі бірнеше факторлармен айқындалады:

1. **Әлеуметтік тұрғыдан** – мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамға кіріктіру, олардың тең құқықты азамат ретінде қалыптасуына жағдай жасау.

2. **Педагогикалық тұрғыдан** – мектепте барлық оқушылар үшін қолайлы орта қалыптастыру, білім беру сапасын арттыру.

3. **Психологиялық тұрғыдан** – балалардың тұлғалық дамуын, эмоционалды тұрақтылығын және өзін-өзі бағалау деңгейін қолдау.

4. **Ғылыми тұрғыдан** – толеранттылықты қалыптастырудың теориялық негіздерін нақтылап, оны педагогикалық тұрғыдан жүзеге асыру тетіктерін айқындау.

Бұл зерттеудің теориялық маңызы – инклюзивті білім беру жағдайында толеранттылықты арттырудың педагогикалық негіздерін айқындау, гуманистік педагогика тұрғысынан оның мазмұнын ашу және қазіргі ғылыми көзқарастарға сүйене отырып, «толеранттылық» ұғымының мәнін тереңдету. Ал практикалық маңызы – бастауыш сыныптағы оқу-тәрбие үдерісіне енгізуге болатын әдістемелік ұсыныстар әзірлеу, мұғалімдер мен ата-аналардың бірлескен жұмысына бағыт-бағдар беру.

Осы мақалада инклюзивті білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушылары арасындағы толеранттылықты арттырудың педагогикалық шарттары қарастырылып, бұл бағыттағы теориялық тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар кешенді түрде талданады.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысы инклюзивті білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының толеранттылық деңгейін анықтауға және оны арттырудың педагогикалық тетіктерін негіздеуге бағытталды. Бұл мақсатқа жету үшін зерттеу барысында теориялық, эмпирикалық әдістер кешені қолданылды.

Зерттеу материалдарына оқушылардың оқу үдерісіндегі мінез-құлық ерекшеліктері, қарым-қатынас стилі, бір-біріне деген көзқарасы, сондай-ақ толеранттылық деңгейін сипаттайтын психологиялық көрсеткіштер енгізілді. Сонымен бірге, мұғалімдердің сабақ жоспарлары, оқу-тәрбие жұмысына арналған әдістемелік құралдар және мектептің тәрбие бағдарламалары қосымша дереккөздер ретінде пайдаланылды.

Зерттеу әдістері

1. Теориялық әдістер:

- педагогикалық және психологиялық әдебиеттерге теориялық талдау жасау;
- инклюзивті білім беру және толеранттылық мәселелері бойынша ғылыми тұжырымдарды салыстыру, жалпылау;
- зерттеу проблемасына қатысты терминологиялық-ұғымдық аппаратты нақтылау.

2. Эмпирикалық әдістер:

- Бақылау: инклюзивті сыныптардағы оқушылардың өзара қарым-қатынасын, ойын, топтық жұмыс кезіндегі мінез-құлқын жүйелі бақылау;

o Социометрия әдісі: оқушылардың сынып ішіндегі қарым-қатынасындағы таңдаулары мен топтық қатынастарын айқындау;

o Жеке тапсырмалар мен ойындық жаттығулар: оқушылардың әріптесіне көмек көрсетуге, ынтымақтастықта әрекет етуге бейімділігін анықтау.

Зерттеу нәтижелері. Педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді талдау барысында «толеранттылық» ұғымының мазмұны әртүрлі ғылыми бағыттарда қарастырылатыны анықталды. Философиялық еңбектерде толеранттылық әлеуметтік құндылық ретінде сипатталса, психологияда ол тұлғаның мінез-құлықтық ерекшелігі, эмоционалдық тұрақтылық пен қарым-қатынастағы ашықтық ретінде қарастырылады. Педагогикалық тұрғыдан толеранттылық – оқушылардың өзара әрекеттесуде сыйластық, түсіністік таныту қабілеті, сондай-ақ ынтымақтастыққа негізделген қарым-қатынас мәдениеті болып айқындалды [2, 13].

Инклюзивті білім беру теориясын зерделеу нәтижесінде оның гуманистік педагогика қағидаларына негізделетіні және барлық балаларға тең мүмкіндік беруді көздейтіні дәлелденді. Сонымен бірге, оқушылардың толерантты қарым-қатынасын қалыптастырудың негізгі педагогикалық шарттары – тұлғалық-бағдарлы оқыту, топтық жұмыс, диалогтік әдістер, шығармашылық пен ойын технологияларын пайдалану екендігі анықталды.

Зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер бастауыш сынып оқушыларының инклюзивті ортадағы толеранттылық деңгейін жан-жақты талдауға мүмкіндік берді. Теориялық әдістер негізінде инклюзивті білім беру үдерісінде толеранттылықты дамытуға ықпал ететін педагогикалық-психологиялық факторлар анықталды. Ғылыми әдебиеттерге талдау жасау нәтижесінде толеранттылықтың негізгі өлшемдері ретінде құрдасына құрметпен қарау, көмектесуге дайын болу, өзгелердің ерекшеліктерін қабылдау және ынтымақтастыққа бейімділік көрсеткіштері айқындалды [3, 81].

Эмпирикалық зерттеу барысында бақылау әдісі ерекше маңызды рөл атқарды. Сыныптағы сабақ, ойын және топтық жұмыстар кезіндегі оқушылардың өзара қарым-қатынасына жүйелі түрде жүргізілген бақылаулар олардың мінез-құлқындағы толеранттылық көріністерін нақтылауға мүмкіндік берді. Бақылау нәтижелері бойынша оқушылардың шамамен үштен бірі (34–36%) өз құрдастарының ерекшеліктеріне түсіністікпен қарап, әртүрлі оқу тапсырмаларында көмек көрсетуге ынталы екені байқалды. Дегенмен, 20%-дан астамы топтық жұмысқа енжар қатысып, инклюзивті қарым-қатынасқа құлықсыздық танытты. Бұл оқушыларда толеранттылықтың төмен деңгейде қалыптасқанын көрсетті.

Социометрия әдісі арқылы алынған мәліметтер сынып ішіндегі бейресми қарым-қатынастарды айқындады. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде «таңдалған» оқушылардың 65%-ы жоғары толеранттылық деңгейін көрсетсе, «шеттетілген» балалардың 70%-дан астамы ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар болды. Бұл деректер сыныптағы әлеуметтік құрылымның инклюзивті оқушыларға барынша қолайлы бола бермейтінін айқындады. Сонымен қатар, әлеуметтік таңдаулар көбінесе оқу жетістіктеріне, мінез-құлық мәдениетіне және мұғалімнің ұйымдастыру стиліне байланысты екендігі байқалды[4].

Жеке тапсырмалар мен ойындық жаттығулар толеранттылық деңгейін арттыруда тиімді құрал ретінде танылды. Әсіресе, бір-біріне көмек көрсетуге бағытталған жұптық тапсырмалар, рөлдік ойындар және арт-терапиялық әдістер балалардың өзара түсіністікке, қолдау көрсетуге ұмтылысын арттырды. Зерттеу нәтижелері бойынша сегіз апта бойы жүргізілген әдістемелік жұмыстардан кейін оқушылардың толеранттылық деңгейінде айқын оң өзгерістер байқалды:

- Жоғары деңгейдегі толеранттылық 28%-дан 50%-ға дейін өсті;
- Орта деңгейдегі көрсеткіш 46%-дан 41%-ға төмендеді;
- Төмен деңгей 26%-дан 9%-ға дейін азайды.

Бұл нәтижелер арнайы ұйымдастырылған әдістемелік жұмыстардың тиімділігін дәлелдейді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің ерекше маңызға ие екендігі анықталды. Толеранттылықты дамытуға бағытталған инновациялық

әдістерді, топтық жұмыстарды, ынтымақтастық пен диалогтік оқытуды белсенді қолданған педагогтардың сыныптарында оқушылардың 70%-дан астамы жоғары немесе орта деңгейлі толеранттылық танытты. Керісінше, дәстүрлі әдістерге сүйенген мұғалімдер сыныптарында оқушылардың басым бөлігі (шамамен 60%) орта деңгейде қалып, төмен деңгейлі толеранттылық жиі байқалды.

UNESCO зерттеулерінде көрсетілгендей, инклюзивті білім беру – тек педагогикалық құбылыс қана емес, сонымен қатар әлеуметтік интеграцияны қамтамасыз етудің стратегиялық бағыты болып табылады [5, 31].

Ата-аналарға жүргізілген сауалнамалар олардың инклюзивті білім берудегі белсенділігінің де оқушылардың толеранттылық деңгейіне әсер ететінін көрсетті. Ата-аналардың 58%-ы инклюзивті шараларға тұрақты қатысып, балаларын қолдап отырса, мұндай отбасылардың балалары өз құрдастарына қолдау көрсетуге бейім болды. Ал ата-аналардың белсенділігі төмен немесе бейтарап ұстанымдағы балаларда толеранттылық деңгейі де төмен болып шықты.

Выготский еңбегінде танымдық қабілеттердің қалыптасуы оқушының жеке белсенділігі мен әлеуметтік орта ықпалының өзара байланысы арқылы түсіндіріледі. Бұл идея бастауыш сынып оқушылары арасындағы толеранттылықтың дамуына да тікелей қатысты [6, 168].

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері бастауыш сынып оқушыларының толеранттылық деңгейі әлеуметтік ортаға, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне, қолданылатын педагогикалық әдістерге және ата-ананың қолдауына тікелей байланысты екенін дәлелдеді. Инклюзивті білім беруде толеранттылықты дамыту жүйелі, кешенді жұмыс жүргізуді қажет етеді. Арнайы ұйымдастырылған әдістемелік тәсілдер мен ойындық жаттығулар, арт-терапиялық әдістер, ата-аналармен серіктестік ынтымақтастық оқушылардың тұлғалық дамуына оң ықпал ететін негізгі шарт ретінде айқындалды.

Толеранттылық деңгейі	**Оқушылар саны (n=120)**	**Үлесі (%)**
Жоғары деңгей (әріптесіне көмектеседі, ынтымақтасады)	34–36	34–36%
Орта деңгей (бейтарап, кей жағдайларда қолдау көрсетеді)	52–54	43–45%
Төмен деңгей (қабылдауда қиындықтар бар, қарым-қатынастан қашқақтайды)	25	20–21%

3. Нәтижелерді ғылыми тұрғыда талдау

Жүргізілген теориялық және эмпирикалық зерттеу нәтижелері бірнеше маңызды қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

- Толеранттылық ұғымы тек әлеуметтік-психологиялық категория ғана емес, ол бастауыш мектептегі педагогикалық үдерістің сапасын анықтайтын маңызды фактор болып табылады.
- Инклюзивті білім беру жағдайында оқушылардың толерантты қарым-қатынасы әркелкі деңгейде көрініс береді және жүйелі педагогикалық ықпал қажет етеді.
- Бақылау мен социометрия нәтижелері әлеуметтік-психологиялық кедергілердің бар екенін дәлелдеп отыр, бұл толеранттылықты арнайы әдістемелік тәсілдер арқылы қалыптастыруды қажет етеді.
- Ойындық және бірлескен әрекеттер барысында оқушылардың көпшілігі өзара қолдау көрсетуге дайын екенін көрсетті, яғни дұрыс ұйымдастырылған педагогикалық орта олардың толеранттылық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері бастауыш сынып оқушыларының мүмкіндігі шектеулі құрдастарына толерантты қарым-қатынасын арттыру үшін педагогикалық ықпал ету қажеттігін айқындады. Бұл ықпалдың негізгі бағыттары – тұлғалық-бағдарлы оқыту, топтық жұмыс формаларын белсенді қолдану, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру және мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

П.Я. Гальпериннің әрекеттің сатылы қалыптасуы жөніндегі тұжырымдары бастауыш сынып оқушыларының толеранттылықты меңгеруінде маңызды. Себебі толерантты мінез-құлық біртіндеп жаттығулар, тәжірибелер, әлеуметтік жағдайларда қайта-қайта қолдану арқылы бекітіледі [7, 254].

Төмен деңгейдегі толеранттылықты шешу жолдары

1. **Педагогикалық әдістерді жетілдіру**

Тұлғалық-бағдарлы оқытуды күшейту;

Топтық және жұптық жұмыстарды жиі қолдану арқылы ынтымақтастық дағдыларын дамыту;

Диалогтік әдістерді енгізіп, оқушылар арасында пікір алмасуға жағдай жасау.

2. **Ойындық және арт-терапиялық технологияларды пайдалану**

Бір-біріне көмек көрсетуге бағытталған рөлдік ойындар ұйымдастыру;

Арт-терапия элементтері (сурет салу, ортақ қолөнер жұмыстары) арқылы бірлескен әрекетке ынталандыру.

3. **Сыныптағы психологиялық ахуалды жақсарту**

Психолог пен мұғалімнің бірлескен тренингтері;

«Құрдастарға қолдау» бағдарламасы (peer support);

Әр оқушының жетістігін мадақтау арқылы сенімді орта құру.

4. **Ата-аналармен жүйелі жұмыс**

Инклюзивті білім беру мәнін түсіндіруге арналған семинарлар;

Баланың үйде алған тәжірибесін мектеппен үйлестіру;

Отбасының инклюзивті іс-шараларға белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

5. **Әлеуметтік интеграцияны кеңейту**

Мектепішілік және сыныпаралық инклюзивті жобалар (ойындар, концерттер, спорттық жарыстар);

Мүмкіндігі шектеулі балаларды көшбасшылық рөлдерге тарту (топ жетекшісі, ойын ұйымдастырушы).

Мәселе	Шешу жолдары
Төмен деңгейдегі толеранттылық (20–21%)	– Тұлғалық-бағдарлы оқыту; – Топтық/жұптық жұмыс; – Рөлдік ойындар, арт-терапия; – Психологиялық тренингтер; – Ата-аналарды тарту; – Инклюзивті жобалар ұйымдастыру

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері инклюзивті білім беру жағдайында оқушылардың толеранттылығын қалыптастыру мәселесінің теориялық және практикалық тұрғыдан өзектілігін дәлелдеді. Жүргізілген теориялық талдау толеранттылықтың әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық категория ретінде кешенді сипатқа ие екенін және оның инклюзивті ортадағы тәрбиелік, әлеуметтік интеграциялық маңызы зор екенін көрсетті.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Р.Е. Левинаның теориялық тұжырымдарын қуаттайды, яғни оқушының тұлғалық дамуы мен толеранттылығын жетілдіру үшін арнайы педагогикалық жағдайлар мен психологиялық қолдау қажет [8, 175].

Эмпирикалық әдістер арқылы алынған деректер бастауыш сынып оқушыларының мүмкіндігі шектеулі құрдастарымен қарым-қатынасының әркелкі деңгейде екенін дәлелдеді: бір бөлігі қолдау көрсетіп, ынтымақтастық танытса, екінші бөлігі бейтарап позицияда қалады немесе әлеуметтік қабылдауда қиындықтар байқатады. Социометриялық зерттеу нәтижелері де ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың топтық таңдауларда аз көрсеткішке ие болатынын көрсетті. Бұл деректер мектептегі әлеуметтік ортада интеграция мәселесінің толыққанды шешілмегенін айқындайды.

Толеранттылық [лат. *tolerancia* — төзімділік] — айырмашылықтарды мойындау мен құрметтеуді білдіретін ұғым; адамның күнделікті өмірде басшылыққа алатын адамгершілік мінез-құлық қағидасы. Бұл қағида өзге сенімдері, көзқарастары мен мінез-құлық ерекшеліктері бар адамдардың құқықтарын мойындау арқылы жанжалдарды бейбіт жолмен шешу мүмкіндіктерін іздеуге бағыттайды. Көп жағдайда толеранттылық өзгелердің кемшіліктеріне түсіністікпен қарау, шыдамдылық таныту және өзге адамдарды қабылдай білу қабілеті ретінде түсіндіріледі. Осыған байланысты бастауыш сынып оқушылары өзара әрекеттесу барысында ортақ ұстанымдар мен жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерін басшылыққа алуы қажет [9, 146].

Аталған теориялық тұжырымдар мен ғылыми пайымдаулар зерттеу жұмысының мазмұндық негізін құрады. Зерттеу барысында инклюзивті білім беру жағдайында оқушылардың толерантты қарым-қатынасын қалыптастыру мәселесі жан-жақты талданып, төмендегідей ғылыми қорытындыларға қол жеткізілді:

1. Толеранттылықты қалыптастыру – инклюзивті білім берудің негізгі педагогикалық міндеттерінің бірі болып табылады және ол оқушылардың әлеуметтік бейімделуіне, сыныптағы өзара түсіністікке ықпал етеді.

2. Оқушылардың толерантты қарым-қатынасын дамыту педагогикалық шарттар кешенін талап етеді: тұлғалық-бағдарлы оқыту, диалогтік әдістерді қолдану, ойын және арт-терапия элементтерін енгізу, топтық және ұжымдық жұмыс формаларын белсенді пайдалану.

3. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі мен сыныптағы психологиялық климат толеранттылықты қалыптастыруда шешуші фактор ретінде айқындалды.

4. Мектеп пен ата-ана арасындағы серіктестік қатынас инклюзивті ортадағы балалардың әлеуметтік интеграциясына ықпал ететін маңызды шарт болып табылады.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері инклюзивті білім беру кеңістігінде толеранттылықты дамыту тек педагогикалық үдерістің құрамдас бөлігі ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы әлеуметтік әділеттілік пен теңдікті қамтамасыз етудің маңызды тетігі екенін айғақтайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айтбаева А.А. Инклюзивті білім берудің теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 212 б.

2. Жиенбаева С.М. Бастауыш мектептегі оқушылардың әлеуметтік бейімделу ерекшеліктері. – Алматы: Рауан, 2020. – 185 б.

3. Сейтқұлова А.Т. Мүмкіндігі шектеулі балалардың тұлғалық дамуының психологиялық негіздері. – Шымкент: Әлем, 2018. – 164 б.

4. Абайханова Б.К., Оразова Г.Ә. Инклюзивті білім беруде педагогтың кәсіби құзыреттілігін дамыту // Білім журналы. – 2021. – №2(38). – Б. 45-56.

5. UNESCO. Inclusive Education: The Way of the Future // International Conference on Education. – Geneva, 2008. – P. 15-37.

6. Vygotsky L.S. Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 1978. – 174 p.

7. Гальперин П.Я. Психология мышления и учения. – М.: Педагогика, 1985. – 320 с.

8. Левина Р.Е. Психолого-педагогические основы обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями. – М.: Просвещение, 2009. – 240 с.

9. Каракулова М.С., Шарипова А.Б.,Аманқосова А.Қ.,Бегимова М.М. Бастауыш сынып оқушыларында толерантты қарым-қатынастыдамытудыңкейбірмәселелері // Yessenov Science Journal. – 2025. – №1(50). – Б.144-155.

ЛИТЕРАТУРА

1. Айтбаева А.А. Инклюзивті білім берудің теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 212 б.

2. Жиенбаева С.М. Бастауыш мектептегі оқушылардың әлеуметтік бейімделу ерекшеліктері. – Алматы: Рауан, 2020. – 185 б.

3. Сейтқұлова А.Т. Мүмкіндігі шектеулі балалардың тұлғалық дамуының психологиялық негіздері. – Шымкент: Әлем, 2018. – 164 б.

4. Абайханова Б.К., Оразова Г.Ә. Инклюзивті білім беруде педагогтың кәсіби құзыреттілігін дамыту // Білім журналы. – 2021. – №2(38). – Б. 45-56.

5. UNESCO. Inclusive Education: The Way of the Future // International Conference on Education. – Geneva, 2008. – P. 15-37.

6. Vygotsky L.S. Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 1978. – 174 p.

7. Гальперин П.Я. Психология мышления и учения. – М.: Педагогика, 1985. – 320 с.

8. Левина Р.Е. Психолого-педагогические основы обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями. – М.: Просвещение, 2009. – 240 с.

9. Каракулова М.С., Шарипова А.Б.,Аманқосова А.Қ.,Бегимова М.М. Бастауыш сынып оқушыларында толерантты қарым-қатынастыдамытудыңкейбірмәселелері // Yessenov Science Journal. – 2025. – №1(50). – Б.144-155.

ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ТОЛЕРАНТНОСТИ СРЕДИ УЧАЩИХСЯ

[1]Каракулова М.С., [2]Тұратбек М.С., [3]Бейсенова Б.Р.
[1]Университет Есенова, Актау, Казахстан
[2]КГУ «152 мектеп-гимназия», Алматы, Казахстан
[3]Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, Шымкент, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются педагогические основы формирования толерантности среди учащихся в условиях инклюзивного образования. В ходе исследования проанализированы особенности личностного развития детей, обучающихся в инклюзивной среде, трудности их социальной адаптации, а также педагогико-психологические проблемы во взаимодействии младших школьников со сверстниками с ограниченными возможностями.

Опираясь на теоретические основы инклюзивного образования, автор уточняет научное определение понятия «толерантность» и выделяет основные направления её формирования. В результате проведённого анализа установлено, что развитие толерантных отношений в начальной школе зависит от ряда факторов: профессиональной компетентности педагога, используемых в учебно-воспитательном процессе методических приёмов, сотрудничества школы и семьи, а также психологического климата в классе.

В статье предложены педагогические условия, способствующие развитию толерантности в инклюзивной среде: личностно-ориентированное обучение, коллективные и групповые формы работы, диалогическое взаимодействие, использование игровых и арт-терапевтических технологий. Особое внимание уделяется тому, что формирование толерантности в пространстве инклюзивного образования является не только педагогической задачей, но и важным механизмом обеспечения социальной интеграции в обществе.

Результаты исследования выявляют теоретико-методологическую и практическую значимость формирования толерантности среди учащихся в условиях инклюзивного образования и предлагают педагогические рекомендации, которые могут быть внедрены в образовательную практику.

Ключевые слова: инклюзивное образование, толерантность, педагогические основы, дети с ограниченными возможностями, гуманистическая педагогика, личностно-ориентированное обучение, социальная интеграция, педагогические условия.

INCLUSIVE EDUCATION: PEDAGOGICAL FOUNDATIONS FOR FOSTERING TOLERANCE AMONG STUDENTS

[1]Karakulova M.C., [2]Turatbek M.S., [3]Beissenova B.R.
[1]Yessenov University, Aktau, Kazakhstan
[2]Municipal State Institution "Secondary School-Gymnasium No. 152, Almaty, Kazakhstan
[3]South Kazakhstan Pedagogical University named after Ozbekali Zhanibekov.
Shymkent, Kazakhstan

Abstract. The article examines the pedagogical foundations for fostering tolerance among students in the context of inclusive education. The study analyzes the peculiarities of personal development of children studying in an inclusive environment, the challenges of their social adaptation, as well as pedagogical and psychological issues in the interaction of primary school pupils with peers with disabilities.

Relying on the theoretical foundations of inclusive education, the author clarifies the scientific definition of the concept of "tolerance" and identifies the main directions for its development. The analysis reveals that the formation of tolerant relationships in primary school depends on a number of factors: the professional competence of teachers, the methodological approaches used in the educational process, cooperation between school and family, and the psychological climate within the classroom.

The article proposes pedagogical conditions that contribute to the development of tolerance in an inclusive environment: learner-centered education, collective and group forms of work, dialogical interaction, and the use of play-based and art-therapy technologies. Special attention is given to the fact that fostering tolerance within the framework of inclusive education is not only a pedagogical objective but also an important mechanism for ensuring social integration in society.

The results of the study highlight the theoretical, methodological, and practical significance of fostering tolerance among students in inclusive education and provide pedagogical recommendations that can be implemented in educational practice.

Keywords: inclusive education, tolerance, pedagogical foundations, children with disabilities, humanistic pedagogy, learner-centered education, social integration, pedagogical conditions.